

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: дарынды балаларды анықтау және қолдау, балалардың көркем шығармашылығына ықпал ету.

Міндеттері:

зияткерлік әлеуетін, қиялын дамыту және ынталандыру;

шығармашылық сүйіспеншілікке тәрбилеу;

жетістікке жету ынтасын қалыптастыру;

балалардың әдеби шығармашылықпен айналысуына тарту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2017 жылғы 28 қыркүйек пен 5 қарашаға дейін rumcdo.mugalim@mail.ru** электронды поштасына қабылданады. **2017 жылғы 5 қарашадан кейін** түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

6. Байқауға қатысу үшін **rumcdo.mugalim@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет.

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінімді:

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекенжайы	Білім беру ұйымның атауы (ҚММ, ММ, КМҚМ), жасы	Байқаудың аталуы, номинациясы	Байланыс телефоны	Жетекшісінің аты-жөні (жұмыс орын, лауазымы, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7

2) сканерден өткізген төлемақы құжатын (түбертік немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысын.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249 303 («**Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін**»).

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП – 859

Кбе 16.

Төлемақының мақсаты: «**Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін**» байқауы.

9. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 15 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

10. Байқауға 11-18 жас санаттарындағы білім алушылар қатыса алады:

1) 11-14 жас;

2) 15-18 жас.

11. Байқау келесі номинация бойынша өткізіледі:

1. «Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін» тақырыбында шығарма.

Берілген номинация ғылыми-техникалық үдерістің мұғалім мамандығына әсері туралы ойларға бағытталады.

Шығарма электронды түрде (қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі– 14, пішімі – А4, жиегі: сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см, жоларалық интервалы – бір жол) ұсынылады.

Мәтінде көпшілікке белгілі қысқартырған атаулар, аталымдардан басқа болмауы тиіс. Ұсынылған жұмыстың көлемі бас парақты қоспағанда 3 беттен аспауы тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) конкурс тақырыбына, мақсатына және талаптарына сай болуы;
- 2) конкурстың тақырыбын ашу;
- 3) тақырыпты тереңнен пысықтау;
- 4) шығармашылық ойлау білу;
- 5) нақтылық, ашықтық, материалды баяндау қисыны;
- 6) мәтіннің сауаттылығы және ресімдеу мұқияттылығы.

Байқауға тек қана жеке жұмыстар қабылданады.

12. Байқау жұмысының бас парағында көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;
- байқаудың атауы және номинациясы;
- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- e-mail, байланыс телефондары;
- жетекшінің аты-жөні.

13. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

14. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефондары: +7 (7172) 249 303 («**Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін**» байқауы). Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «**Болашақтағы мұғалім мамандығын қалай елестетемін**» байқауы → әрі қарай.